

e-mail: info@aikyn.kz
aikyn_nurmedia@mail.ru

№85 (2717) 14 МАМЫР, 2015 БЕЙСЕНБІ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ГАЗЕТ

www.aikyn.kz

АИҚЫН



www.facebook.com/aikyn.kz



www.twitter.com/aikyn_gazeti

апта

Адам баласының басты мұраты азамат болу — ежелден селе жатқан қағида. Ал шынайы азамат дегенде менің ойыма үзіме жарты ғасырдан астам қақын болған Сәкен, Садықбек Хангелдин бірінші оралады. Әкеміз де екі үйдің жалғыз ер баласы болдық. Ол анасы қайтып, әке қолында қалса, мен кем 1942 жылы соғысқа кетіп, на тәрбиесінде болдым. Институтта қатар оқыдық, ол қоғары курста, мен — төмен, комсомол қызметіне біраз жылдарымызды арнадық...

Садықбек Хангелдин институт қабырғасында-ақ қоғамдық жұмысқа белсенді араласты. Ол оқуды бітіргеннен кейін өп ұзамай, комсомол жұмысына тартылды. Қызылорда қалалық, облыстық комсомол комитеттерінің хатшысы болды. Әкең жарқырай Қазақстан комсомолы Орталық комитетінде көрінді. Насихат және әдени-бұқаралық жұмыстар өлімінің менгерушісі ретінде ның көз алдында республика жастарының нағыз бұрқырап, айнаған өмірі өтіп жатты. Пұбартау, Ерейментау, Бескөл удандық, Теміртау, Кентау, удный қалалық жастар ұйымдарының жаңа жұмыс әдістері мен ізденістері, Ыбырай Жаев, Жазылбек Қуанышбаев, Әмшат Дөнентаева, Жансұлтан Демеев, Владимир Дитюк, Латаля Геллер сияқты еңбеккерлерінің жарқын үлгілері бүкіл республика жастары арасында ызу қолдау тауып, кең өрісте, соны насихаттау, жаңа әстүр мен салт үлгілерін тарату сы бөлімнен бастау алып ататын-ды. Әсіресе, өзі де нерлі Сәкен талай шығарашыл жастармен араласты, ылайға жақын болды, талайға мірге жолдама берді. Талайдың әңлінін риза етті. Әдебиетіміз мен өнеріміздің талантты кілдері — Фариза Оңғарсынова, алдарбек Найманбаев, Мұхтар Іаханов, Бексұлтан Нұржеев, Бейбіт Қойшыбаев, Жасқан Әбдірашев, Иранбек разбаев, Серік Тұрғынбеков, б. шығармашылық шырайы мен бағыты комсомол-жастардың республикалық штабының тұрақты қамқорлығында алды. Реті келгенде айта кету керек, кешегі республика комсомол ұйымының бай мәдени-әпшілік және сан-салалы идеялық-тәрбие жұмыстарына ете көз жұмуға болмайды. Бұл, әсіресе, бүгінгі күні жастар арасындағы жұмыстың бағыт-бағдарының әлі толық айындала қоймаған кезінде өрекше мәнді. Кейде саяси апаты басымырақ болып кетсе, кешегі жастардың сан қырлы әлсенді қызметін ретімен ітпау, одан тағылым алмау — рих алдында қиянат.

Республика комсомол штабында Садықбек Хангелдиннің келей басшылары жазушы, маша жан иесі Қалаубек Тұрлнкүлов, Қазақстан жастарының көсемі Өзекең, Өзбекәлі Әнібеков болған еді. Еліміздің астар ұйымының Одақта оқтығының биіктігі осы Өзекеңнің атымен тығыз байла-

нысты болды. Ол нағыз тұлға, қайраткер, жастардың ақылшы ұстазы тұғын. Қай жылы Торғайда болғанымда тағы да бұған көзім жете түсті. Мұнда Өзекеңнің өрнекті іздері сайрап жатыр екен.

Садықбек Хангелдин 1974 — 1991 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде, Қазақ ССР Халықтық бақылау және Қазақстан Мемлекеттік телерадио комитеттерінде басшылық қызметтер атқарды. Өзінің азаматтық та, қайраткерлік те қасиеттерін абыроймен атқарды, шын мәнісіндегі, кісілік келбеті болымды да толымды болды. Оның тағы бір тамаша қасиеті, өзі араласқан қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы сан түрлі мақалалар жазып, жылы сөзін аямады. Олардың да көбісі қарыз болып қалған жоқ. Сәкенді жақсы білетін Сыр бойының танымал журналисі Өтеген Жаппарха-



ЖАНЫ ТАЗА, АРЫ АДАЛ

Ақын Садықбек Хангелдин туралы бір үзік сыр

новтың «Ол алдымен пейілі жомарт, адамгершілігі асқақ, іс-әрекетімен, тыныс-тірлігімен, сөзімен де, жүріс-тұрысымен де өзгеге ұсынар үлгісі бар, мінезге бай тұнба тұлға» десе, ал белгілі қаржыгер Мырзахмет Ауановтың оның қай істі де өзіне тән құлшыныспен атқарып, мемлекеттік мүддені жоғары қоя алатын жауапкершілік сезіммен, үлкенге ізет, кішіге ілтипат көрсете жүретін ақжарқын елгезек мінезімен жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып, өз әріптестерінің лайықты ықыласына бөленгені туралы жазуы жайдан-жай емес еді. Осындай қасиеттер Сәкеннің өмірінің соңына дейін талмай ұстаған, өзіндік жан серігі, рухани байлығы, адами болмысы болатын.

Адам баласының бар қырсырын тану мүмкін емес. Белгілі ақын Қайнекей Жармағамбетовтың «Әр адам ашылмаған бір роман» деп жазуы да, атақты француз ғалым-биологі және хирург-тәжірибеші, Нобель сыйлығының иегері Алексис Каррель өзінің бір кітабын «Адам — бұл бейтаныс» деп тегіннен-тегін атамаған еді. Шынында да, жүздеген ойшылдар адам феноменінің сырына кілт таба алмай келеді, алда да таба алмайтын шығар. Мен де елу жылдан астам Сәкенмен қатар жүріп, талай сыр алыссам да байқамаған дүниелерім жоқ деп айта алмаймын. Алайда оның азамат ретінде адалдықты ту етіп, ақын ретінде әділеттілікті жыр етіп өткеніне кепілдік бере аламын.

Әр адамның өмірде өз «терезесі» бар. Ол сол өзінің терезесімен ғана өмір, қоғам туралы толғанады, дүниеге зер

салады, ойдан түйін түйеді. Одан басқамен шындықты көре алмайды, түсіне алмайды. Сәкеннің терезесі кең еді, сондықтан ол басқалардан көбірек көретін, басқалардан тереңірек түсінетін, анығырақ ұғынатын. Оның үстіне ақынжанды адамның ойлау, түйсіну қабілеті бөлек қой. Ол қай салаға қалам тартса да, жорғалай жөнелетін, жеткізбей кететін.

Садықбек ақын болып туған жан болатын. Сонау 1962 жылы Жазушылар одағының Қызылордадағы ақын Асқар Тоқмағамбетов басқаратын облысаралық бөлімшесінде оның тұсауы кесіліп, алғашқы өлеңдер жинағы шығып еді. Ол былай деп өлең әлеміне аяқ басқан еді:

*«Түскен жоқ бұл өнерім талқыға әлі,
Көрген жоқ еңбегімді халқым әлі.
Әйтсе де от жалынды қызба көңіл,
Дамылсыз өр қияға шарқ ұрады».*

Осы жолдардың өзі келешегінен көп үміт ететін жастың алғашқы қадамы еді. Содан «дүние теңізіңде малтып көріп» бар өнерін еліне сарқып бергісі келді. Алайда ақындық өнеріне барын сала алмады. Оның жан-жақтылығы, қазақ айта беретіндей бір сырлы, сан қырлы болуы оны комсомол, партия, мемлекеттік жұмыстарға алып келді. Бұларға 30 жылдан астам жастық жалын шарпыған кемел кездер арналды. Сондықтан ол күнделікті лауазымды қызметте жүріп ақындықтың айдынына шығып, даңғыл жолына түсе алмады. Қанша шебер жүзгіш болғанымен, тағдыр маңдайына көлден басқаны жазбағандай

құбылыс болды. Теңізге өзі түспеді, қоғамдық ширақтық, адами белсенділік бірыңғай ақындық жолға түсірмеді. Уақытты «ұрлап» жазды. Сондықтан да ол:

*«Кешір, Өлең?
Келдім қатты сағынып,
Бір өзіңде бар қызығым,
бар үміт».*

*Оңашада сырласыншы өзіңмен
Ақын жаны ағынан бір жарылып» деп жырлады.*

Туасы ақын Сәкен тек жаздырмай қоймағандарды ғана қағаз бетіне түсірді. Сол себепті бала күнінен серік еткен өлеңі алдында тұрақты бола алмаған ақынның төмендегідей көңіл күйін, саналы сезімін, ашық та адал пейілін, кішірейіп басын июін түсінуге болады:

*Кешір, Өлең!
Айыптымын алдыңда!
... Жоқ, аяма,
қайта мені сал мұңға.
Кештеу келіп,
ерте кеттім қоштаспай —
Кім біледі —
жатырқап та қалдың ба?
Кешір, Өлең!
Бір лап етіп жандым да,
Лаулай алмай*

*обалыңа қалдым ба?
Ғашықпын деп жылап жүріп,
Оралмай, кеткен қыздай
Сені азапқа салдым ба?*

Қандай бір өнер болсын, сүйген сұлуындай тұрақты да шынайы ықыласты тәуір көреді ғой. Поэзия да солай, жан-жаққа аландауды ұнатпайды. Өйткені өнер — қасиетті дүние, құдіретті күш. Сондықтан Сәкеннің «Әнімнің келтіре алмай күнде ырғағын, Сезіп-ақ ашы тердің жүрмін дәмін» деуі заңдылық болатын. Алайда Сәкен зейнеткерлікке шық-

қаннан кейін тұрақты жан серігі ете алмаған ескі досына қайта жолықты:

*Келдім қайтып —
Мың қайғымен алысып.
Саған деген сағынышпен жарысып.
Бұлбұл қонып,
Құшағыма Күн кірді —
Өзіңменен бүгін қайта табысып.*

Ақын жаны әдетте ізгілікті сүйеді. Оның жүрегі «Отан» деп соғады, шабыты «халқым» деп қанат қағады. Оған елінің тыныштығы мен бірлігінен артық ардақты, қасиетті дүние жоқ. Сондықтан сезім пернелері осыған арналады, осыны биіктетеді. Ақынның:

*«Мен тілеймін таңым күліп атса деп,
Тау мен Дала ән тербетіп жатса деп.
Қабақ шытпай бір-біріне адамдар,
Достық нұрын Күн жамылып батса деп»*

жырлауын оқырман түсінеді, тілегіне тілек қосады. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің асыл мұраттары да, ертеңгі оны тұғырлы ететін де құдіретті күштер де осында жатыр емес пе?

Садықбек Хангелдин артында 11 өлеңдер жинағын, 9 публицистикалық кітаптар қалдырды. Ол еліміздің «Жұлдыз», «Жалын», «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Пионер», «Балдырған» және «Дала» журналдарының, «Социалистік Қазақстаннан» бастап, жиырмадан астам мерзімді басылымдарға белсене қатысқан, халқының рухани дүниесіне өзіндік үлес қосқан журналист, публицист еді. Ал Сәкеннің саяси белсенділігін айтқанда оның жаза да, сөйлей де алатын, өз ақыл-парасаты өзіне жетіп-артылатын, біреудің жазып бергенін оқитын басшы емес, өзі жазбай құмары қанбайтын қажырлы, еңбекқор қайраткер болғанын айта кеткен артық болмас. Оның бұл қасиеттерін қатар жүргендердің, қызметтес болғандардың барлығы мойындайтын.

Уақыт неткен жүйрік. Сөйткен Сәкеннің бұл дүниеден өткеніне де жыл болып қалыпты. Ол өмірде де биік жүрді. Соңғы құтты мекені де қасиетті Алатаудың баурайынан орын тауыпты. Енді Алла жатқан жерін жайлы, топырағын торқа етсін дегеннен басқа не айтамыз?! Отбасына береке, ұрпағына ұзақ ғұмыр тілейміз!

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдарының докторы, профессор